

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ №85 мектеп-лицей МКК  
Қамқоршылық кеңесінің кезектен тыс отырысының  
АНЫҚТАМАСЫ**

**Оту орны:** №85 мектеп-лицей, Қабанбай батыр, 56/1

**Күні мен уақыты:** 12 желтоқсан 2022 жыл, сағат 18.30

**Қатысты: Қамқоршылық кеңес мүшелері**

Сыздыкова Лязат Таспергеновна  
Бимагамбетов Қанат Болатұлы  
Жумағалиев Еркебулан Зинавдиноваич  
Жакупов Талғат Амиргалиевич  
Әбіл Жалғас Тұрсынұлы  
Тулаева Эльмира Мухамедалиевна  
Капезова Ботакоз Максатовна  
Тусупова Алмагуль Кырыкбаевна  
Едебеков Ернат Оразбекович  
Жетыбаева Рита Калдыбековна  
Мукаева Гульнар Ибрагимқызы  
Смаилова Назира Болатхановна  
Олжебаева Зульфия Тусуповна  
Макан Гулим  
Ембаева Рабиға Орисбаевна

**Күн тәртібінде:**

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының І отырысына қатысу.  
Мукушев М.Б. Жетпысбаева Н.Б.

2. Жаңа жылдық (президент, әкім шаршасы т.б.) мерекенің  
ұйымдастырылуына және өткізілуіне қатысу.  
Л.Башеева

3. Оқушылардың психологиялық ахуалының ұйымдастырылуымен  
танысу, көмек көрсету. Дауенова М.

**Тыңдалды:**

Жиналыс мектеп-лицей директорының алғы сөзімен басталды. Бүгінгі отырыстың күн тәртібімен таныстырды және мектеп психологы қамқоршылық кеңес мүшелерімен тренинг жүргізді. Күн тәртібіндегі 1 мәселе бойынша мектеп-лицейдің құқықбұзушылықтың алдын алу менеджері М.Б.Мукушев және директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Н.Б.Жетпысбаева сөз алды. 2022-2023 жылға жоспарланған іс-шаралардың бірінші жартыжылдыққа жоспарланған және орындалған іс-шараларға тоқталып, жартыжылдыққа есеп берді.

Өзекті мәселелердің бірі мектеп қабырғасында балағат сөздердің айтылуы, мектеп формасының сакталмауы, ауа-райының жаңбырлы, күн жылы кезде қар еру т.б. кезеңінде екінші аяқ киімді ауыстыру, шаш үлгісі

және қыз балалардың шаштарын жайып жүруі, сияқты проблемалардың бар екендігі айтылды. Бұл мәселелер бойынша мектеп тарапынан, әкімшілік тарапынан қаншалықты жұмыстар пысықталып жүргізілгенімен де, мәселе ашық күйінде қалып отырғанын, ата-аналар тарапынан бұл мәселелерге бейжайлық танытатындығын жеткізді. Осы жарты жылдық қорытындысымен бөлісті, оқушыларға арналған психологиялық көмек, құқықбұзушылықтың алдын алу шараларының жоспарлы жүргізіліп тұратынын жеткізді, есепте тұрған оқушыларды, атқарылған іс-шараларды, профилактикалық жұмыстардың екінші жарты жылдыққа арналған жоспарымен таныстырды.

Күн тәртібіндегі II мәселеге сәйкес мектеп директоры М.Казиева және әлеуметтік педагог Л.Башеева сөз алды. Мектеп директоры жаңа жылдық ертеңгіліктерге мектеп оқушыларының толық қамтылуы туралы ақпарат берді. Бастауыш сыныптар, яғни 1-4 сыныптар 22.12.2022 ж. сағат 8.30 бастап «Қысқы ертегілеріне» атты мектеп акт залында жаңа жылдық іс-шара өтіледі, 22 желтоқсан күні 5 сыныптар арасында сынып сағаттары өтетіндігін. 7-8 сыныптар, сағат 17.30 кешкі мезгілдегі уақытқа жоспарланған соң қауіпсіздік сақтау мақсатында автобустар жалға алу қарастырылды Б.Момышұлы к-сі, 4 Әл-Фараби атындағы оқушылар сарайына жаңа жылдық кешке қатысады. 9-11 - сыныптар 26.12.2022 жылы мектеп акт залында «Жаңа жылдық жаңалықтар» кешіне қатысады.

Директордан кейін сөз кезегін алған әлеуметтік педагог Л.Башеева жылда ұйымдастырылатын әкім шыршасына және Президент шыршасына оқушылар жіберу керектігін және осы отырыс нәтижесімен хаттама толтырып баратын оқушылар анықталатындығын айтты. Әлеуметтік педагог жаңа жылдық (Президент, Әкім шаршасы т.б.) мерекесі туралы баяндады. Президент шыршасына 9-13 жас аралығында 2 оқушы- жетім, аз қамтылған, анасынан айырылған, күн көріс деңгейі төмен отбасылардан шыққан балалар тіркелді.

Қорған Нұрай -11 жас- мүгедек-ДЦП;

Абдурахман Анель -7 жас-мүгедек- с/диабет- көпбалалы (8 бала);

Кәкім Айдана -9 жас- мүгедек, анасы да мүгедек;

Қали Мухаммед – 10 жас –күн көріс деңгейі төмен, толық емес отбасы.

Әбдіқалық Аманат-10 жас- мүгедек, мүмкіндігі шектеулі үйде оқиды;

**\*Әлеуметтік желіге салынатын болғандықтан оқушылардың аты-жөні өзгертіліп көрсетілді.**

Тіркелген әрбір оқушы туралы жан-жақты ақпарат берілді, балалардың білім деңгейі, тәртібі де ескерілді. Кеңес талқылауына салынды. Дауыс беру арқылы Президент шыршасына Әбдіқалық Аманат, Кәкім Айдана ал, Астана қаласының әкім шыршасына Жұмағали Айтуар барсын деп шешілді. Құжаттарын жинақтау, Білім басқармасына тапсыру, шыршаға апарып-алып келу әлеуметтік педагог Л.Башееваға тапсырылды.

Күн тәртібіндегі III мәселе бойынша мектеп психологы М.Дауенова сөз алды. Мектеп оқушылардың психологиялық ахуалын ұйымдастыру, көмек көрсету мақсатында атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды.



Жасалған жұмыстар есебін және алда атқарылатын іс-шаралар мен жұмыс жоспарын таныстырып өтті. Балаларды тәрбиелеу және оқытумен байланысты ата-аналардың сұраныстары бойынша кеңес беру (жеке және топтық) жұмыстар, психологиялық қолдауды қажет ететін балалардың ата-аналарымен көмек көрсету мақсатында жеке және топтық кеңес берулер, «Отбасы-тәрбие басы, мектеп тәрбие жаршысы» атты 1-5 сынып ата -аналарына жиналыс, «Отбасы-тәрбие басы, мектеп тәрбие жаршысы» тақырыбында 6-11 сынып ата-аналар жиналысы, «Бала тәрбиесінде дұрыс қарым-қатынас орнатудың кеартивті әдіс-тәсілдері» ата-аналарға арналаған вебинар, Ата-ана, сынып жетекшілердің сұраныс бойынша жеке, топтық кеңестер беру, «Балам болашағым» тақырыбында ана-аналар арналған тренинг өткізілгендігін айта келе, алдағы уақытта практикалық іс-шаралар, тренингтер жүргіземіз. Диагностикадан өткен оқушылармен жеке дамыту, түзету жұмыстарын жоспарлап отырмыз деп сөзін түйіндеді. Әлеуметтік педагог Л.Башеева психологиялық көмекке мұқтаж оқушыларды анықтау мақсатында психологтармен тығыз байланыста жұмыс жүргізіліп жатқандығын, күн көріс деңгейі төмен ескерусіз қалып қойған отбасыларды атықтау мақсатында үй аралауды айына екі рет жүргізіп отырғанын айтты.

#### **Шешім:**

1. Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары тиімді жүргізілсін.
2. Мектеп формасы үлгісінің қатаң сақталуы, сабаққа кешігу, себепсіз сабақты босату жауапкершілігі ата-аналарға жүктелсін.
3. Жаңа жылдық (президент, әкім шаршасы) мерекенің ұйымдастырылуына мектеп әкімшілігі жауапты және бүкіл қауіпсіздік қатаң сақталсын!
4. Президент шыршасына Әбдіқалық Әли, Кәкім Альмира ал, Астана қаласының әкім шыршасына Жұмағали Әмір жіберілсін, жол қауіпсіздігі мен өмір қауіпсіздігі жауапкершілігі Л.Башеева, тәрбие орынбасары Н.Жетпысбаеваға жүктелсін.
5. Оқушылардың психологиялық ахуалын бақылау, тиімді жұмыс түрлерлерінің ұйымдастырылуы өз жалғасын тапсын. Мектепшілік психологиялық жұмыстардың жүргізілуі Мектеп әкімшілігі мен мектеп психологтарына міндеттелсін.

#### **Кеңес төрайымы:**

Сыздыкова Лязат Таспергеновна

#### **Мүшелері:**

Бимағамбетов Қанат Болатұлы

Жумағалиев Еркебулан Зинавдиноваич

Әбіл Жалғас Тұрсынұлы

Тусупова Алмагуль Кырыкбаевна

Мукаева Гульнар Ибрагимқызы



Смаилова Назира Болатхановна



Жакупов Талгат Амиргалиевич



Тулаева Эльмира Мухамедалиевна



Капезов Ботагоз Максатовна



Едебекков Ернат Оразбекович



Жетыбаева Рита Калдыбековна



Олжебаева Зульфия Тусуповна



**Хатшы:**

Башеева Лаура Кенесказыевна

